

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№2 хаттама

Күні: 15.11.2024ж.

Қатысқаны: 16 адам

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу
2. «Этикалық құндылықтарға бей-жай қарамау» диалог аланы
3. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қару, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау.
4. МДҰ педагогикалық кеңесіне еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу бойынша ұсынымдар.

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Г.Б. Уразалина сөз бастады.

Балаларға білім берудегі педагогтың жеке қасиеттерінің маңызы зор, ягни, мұғалімнің педагогтік әдебі. Педагогтік әдеп — әр ұстаздың дара қасиеті. Ол мынандай адамдық қасиеттерден тұрады:

- ұстамдылық;
- ілтипаттылық;
- дәйектілік;
- талап қоя білушілік;
- зейінділік;
- ептілік;
- орынды қалжын, т.б.

Педагогикалық әдеп – педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудін бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнағы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүргегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады. Оны балалардың сыртынан психологиялық бақылау жүргізу деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің өзі, К.Д. Ушинскийдің айтқанында: “түптең келгенде психологиялық әдеп”.

Педагогикалық әдепке және осы терминді қолдану өрісіне анықтама беру теорияда және педагогика практикасында үш түрлі көзқарасқа негізделеді:

- жалпы адамзаттың әдептілікті сіңіру;
- мұғалімнің жеке басының психологиялық ерекшелігі;
- мұғалім шеберлігінің бір бөлігі.

Жалпы алғанда жоғарыда айтылғанның барлығын ұстанып, ескеретін болсақ, педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алып отыруға болады.

Болашақ ұстаздар өз ісінің әрбір қыр-сырын жетік игеру жолында кәсіптік сапаларды толық менгерсе, бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылатыны сөзсіз.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Шинтасова С.О диалог аланың үйымдастырыды.

Біздің санамызда этика ұғымының қандай деңгейде екенін қарайық. Жалпы этика деген сөзді түрлі ұғымда, түрлі таралта қарастыра беруге болады. Ол карапайым өмір қагидасы секілді түрлі бөлімдерден қуалған. Мәселен, ұлттық, мәдени және қарапайым мінез-құлықтардың ұғымдарымен дәл сәйкес келеді.

Біріншіден, ата — бабаларымыздың қоғамға қалыптастырылған нақыл сөздері. Әуелі бұл сөзімді ұлы ақын Абай атамыздың «Адами құндылықты сактаудың бірі – жан – дүниенің рухани тазалығы болса, бірі – сананың сергектігі. Біріншісіне жүрек,

екіншісіне ақыл керек. Осыларды ұғып, білуге қайрат керек. Расымен де адам баласының қарым қабілеттері мен қасиеттері туралы ұлы тұлғаларымыз мәрдымды өсінеттерін шетсіз, шексіз қалдырып кеткен. Осындай бақытты елдің ұрпағы ретінде Қазаки құндылықтарды санамызға сініріп этиканы сақтау — өз қолымызда. Ойланып қарасам бұрын қазактың кең жазира даласында «этика» сезі таралмаған еді. Бірақ бұл этиканың мүлдем болмағанын көрсетпейді. Керінше, қазақ даласында ежелден бері бұл тақырыптың түрлі ауқымда таралғанын біле аламыз. Оған «Жас мұраты, білім, тәлім — талабы... Өнер, оқу — жастық қару жарагы» алаш ардактысы, ақын Илияс Жансүгіровтың өлең жолдары дәлел емес пе? Сондықтан бертін келе жаңадан енген этика сезінің сезімін одан әрмен дамытуға толық құқығымыз бар. Міне, осы дәйектемелерім арқылы қазіргі замандағы қазақ жастарының этикалық мәдениеті өте ежелден-ақ қалыптаса бастағанына дәлелдеме ретінде толық келтіре аламын.

Екіншіден, жаңа технологияны менгерген заманауи адамдардың этикалық құндылығын сақтауы. Еліміз көштен қалмай иық тіресе сағат сайын ілгерілеп келеді. Заманауи көзқараста ойлайтын адамдарда технология тілін терең менгергендегі бар. Әлбетте кайсар мінезді қабілет пен елінің еңсесін түзеп, жеріміздің дамуына үлес жасап жатқандар көп.

Бейбіт елдің тұтқасын тұракты ұстай осы этикалық қабілет арқасында жүзеге асады. Есімізде болсын тұрактылықты сақтау осы құндылықтары-мызды бекіткенде ғана жүзеге асады. Жауапкершіліктің жүгін білген әр жастарымыз заманнан да, қасиеттен де ешқашан айырылмайтынына сенімім мол!

Ушінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Л.Б.Курманова сөз алды. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзы фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қару

3-тaraу. Педагогикалық этиканың негізгі нормалары

7. Қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогтар:

- 1) педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтайды;
- 2) білім алушылар мен тәрбиленушілерді жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеуге, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрметпен қарауга, қоршаған әлемге ұқыпты қарауга ықпал етеді;
- 3) білім алушыларға Қазақстан Республикасының Отанына құрметпен қарауды сініреді, патриотизм рухын оятады.
- 4) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауга жол бермейді;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындауды;
- 6) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өзін-өзі тәрбиелеумен және өзін-өзі жетілдірумен белсенді айналысады;
- 7) еңбек тәртібін мұлтікіз сақтайды;
- 8) білім беру үйімінің мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 9) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдықтың, бейтараптық пен әділдіктің үлгісін береді.

Бестамақ «Болашак» балалар бакшасы бойынша қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзы фактілері анықталған жок. Барлық педагогтар педагогикалық әдеп нормаларын тиісті дәрежеде сақтайды. БАҚ пен әлеуметтік желілер бойынша да әдеп бұзы фактілері анықталған жок.

Төртінші мәселе бойынша кеңес төрагасы Г.Б.Уразалина тоқталды.

«Педагогтік әдеп занылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді. Педагогтік әдепті бұзы тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.»

Этика санаттары – бұл моральдың ең маңызды элементтерін көрсететін этикағылымының негізгі ұғымдары. Қазіргі заманғы кәсіби этика білім беру аясы педагогикалық мораль мен моральдық құндылықтардың негізгі санаттарының мәнін карастырады . Өмір күбылыстарының сипатын, адамдардың адамгершілік касиеттері мен іс-әрекеттерін және т.б. өзіндік бағалайтын моральдық құндылықтарды жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен ар-намыс туралы ұғымдар жүйесі деп атауға болады. Педагогтердің қазіргі кәсіби этикасында келесідей санаттар: - әділдік (кәсіби және педагогикалық); - кәсіби педагогикалық парыз; - кәсіби адалдық; - педагогикалық бедел мен қадір-касиет айқындалған.

Педагогтық қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогикалық этиканың алдын алу үшін:

- педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сактайты;
- білім алушылар мен тәрбиленушілерді жоғары адамгершілік рухына, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- тәрбиленушілерге Отанына құрметпен қарауды үйретеді, патриотизм рухын ұялатады;;
- Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік тұғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- өз қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындаиды;
- өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;
- еңбек тәртібін бұлжытпай сактайты;
- білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке максатта пайдаланбайды т.с.с.


Кенестің шешімі:

1. Педагикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу педагогтар таралынан катаң сақталсын.
2. «Этикалық құндылықтарға бей-жай қарамау» диалог алаңы тыңдала отырып, жұмыс барысында ескерілсін.
3. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. МДҰ педагогикалық кенесіне еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу бойынша ұсынымдарды сактау назарға алынсын.

Кенес төрагасы:

 Г.Б.Уразалина

Кенес хатшысы:

 Г.С. Косанова